



ЖАУАПКЕРШІЛІК

ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

Жып басында әрбір ұжымның атқарылған істері оң елегінен өткізіп, алпауыт қысқа жоспар жасауы заңдылық. Кешегі өткен ректорат отырысында ҚазҰУ ұжымы қарсаңында I жартыжылдық нәтижелерін қорытындылап, II жартыжылдық міндеттемелерін бекітті. Мәжілісті ашқан ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанұлы ұжымды жаңа жылмен құттықтап, жылдың жауапкершілігі мен табысты болуын тіледі.



ҚазҰУ-дың халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруда индикативті жоспарды орындаудың маңызы зор. Бүгінде мұны барша ұжым терең түсінеді. Оқу жылының басында әрбір кафедра мен факультет жаңа индикативті жоспарды қабылдап, университет дамуындағы өз жауапкершіліктерін айқындаған. Көзделген нәтижеге қол жеткізу үшін университет басшысы Ғалым Мұтанұлының нұсқауымен университетте индикативті жоспарды жүзеге асыру бойынша ай сайын мониторинг жүргізіліп келеді. Ал кешегі жиынға арқау болған жартыжылдық қорытындының ерекшелігі – кафедралар мен факультеттердің әрбір тармақ бойынша жетістіктері мен кемшін тұстары кенінен талқылауға түсіп, шешу жолдары қарастырылды.

Индикативті жоспардың оқу әдістемелік бағыт бойынша орындалу нәтижесімен таныстыру үшін мінбеге алдымен оқу жұмысы жөніндегі проректор Дархан Ахмед-Зәки көтерілді. Ол кафедралар мен факультеттер көрсеткіштерінің бірқалыптылығын айта келе, әрбіріне толығырақ тоқталып өтті. Оқу әдістемелік бағыт 19 бөлімнен, атап айтқанда, ҚР БҒМ грифімен шыққан кітаптар мен оқулықтар саны, ISBN берілген оқу құралдарының саны, оқу-әдістемелік мақалалар саны, қосдипломды білім беру бағдарламаларының саны, ағылшын тілінде жүретін пәндер саны, IELTS/TOEFL сертификаттары бар оқытушылар саны (соңғы 3 жыл ішінде), біліктілікті арттыру бойынша өткен бағдарламалар саны, шетелдік ЖОО дипломына ие оқытушылар саны, келісімшарт негізінде білім алатын магистранттар саны, қосымша кәсіби

білім беру бағдарламалары бойынша оқитын тыңдаушылар саны, республикалық, халықаралық пәндік олимпиадалардан жеңген студенттер саны, ОЖСБ бойынша мамандықтардың орташа балы, мамандық бойынша пәндерден сабақ беруге шақырылған индустрия мамандарының саны, жұмыс берушілерге арналған сертификатталған курстар саны, университет түлектері жайлы жұмыс берушілердің оң пікірлерінің саны, ағымдағы жылы келісімшарт жасалған кәсіпорындардан тәжірибеден өткен білім алушылар саны, өткен жылмен салыстырғанда білім алушылар санының өсуі, оқуға түскен халықаралық, республикалық олимпиадалар, ғылыми жобалар байқауы жеңімпаздарының саны – бәрі бойынша көрсеткіштер сараптаудан өтті. Дархан Жұмақанұлы жалпыға ортақ мәселелер қатарында жұмыс берушілердің пікірін тиянақтауды тілге тиек етті. Бұл ретте нарықта белгілі әрі беделді, пікірі салмақты жұмыс берушілерді сұрыптап беру қажет. Себебі жұмыс берушілер пікірі әлемдік ЖОО рейтингілерін жасауда басшылыққа алынатын бағыттардың бірі. Сонымен қатар қосдипломды білім беру бағдарламаларының санын арттыру, қосымша кәсіби білім беру бағдарламалары бойынша курстар өткізу жұмыстарын жетілдіруді ұсынды.

Ғылыми-инновациялық қызмет бойынша жартыжылдық көрсеткіштері жайлы ғылым және инновациялық қызмет жөніндегі департамент директоры Алтынай Тоғамбаева хабарлама жасады. Ол ғылыми зерттеулерді гранттық, мақсатты бағдарламалық қаржыландыру, шаруашылық

Жалғасы 2-бетте

Көкірегі ояу, көңіл сандығы сыр мен жырға, шежіреге толы қарияларымыздың орны қашанда бөлек. Бұл орайда ҚазҰУ-да 2011 жылы құрылған ақсақалдар кеңесінің мән-мазмұнын ерекше атап айтуға болады. Университет ректоры Ғалым Мұтанұлының жетекшілігімен жалғас тауып келе жатқан ақсақалдар кеңесінің отырысы дәстүрлі түрде жыл сайын өтіп келеді. Жаңа жыл мерекесі қарсаңында ұйымдастырылған жиынды университеттің Бірінші проректоры М. Бүркітбаев ашты. Ол мерейтойлық жылда атқарылған барлық іс-шаралар мен жұмыстарды айтып, ақсақалдар арасындағы өнегелі отырысты бастап кетті.

ҚАРТЫ БАР ЕЛДІҢ ҚАЗЫНАСЫ БАР

Ақсақалар кеңесінің мүшелері – университет ішіндегі мәселелерден бастап, ұлттың ұлт болып қалыптасуына, салт-дәстүрдің сақталуына, жас ұрпақтың дұрыс бағыт-бағдар мен тәлім-тәрбие алуына, дін мен ділдің, тілдің басқа да асыл құндылықтарымыздың сақталуына, елдің бірлік пен ынтымақта өмір сүруіне ықпал етерлік мазмұнды ой-толғамын жеткізуші жандар. Мұнда шежірелі қариялар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің болашақ бағыты мен бағдарын, үлкен белестерді бағындыру жолында атқарылып жатқан іс-жоспарларымен танысып, өздерінің тәжірибелі кеңестерімен бөлісті.

Жалғасы 2-бетте

ПРЕЗИДЕНТТІК ИНСТИТУТТЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 25 ЖЫЛ

Республика Президентінің алдына қойылған үлкен міндеттерді тиімді жүзеге асыру Президенттік билік жүйесінің әрқашанда дамып, жетіліп отыруын талап етеді. Қазіргі таңда жүргізіліп жатқан мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруде елімізде Президент институтының қалыптасуы мен дамуының мәні зор. Оның әрбір кезеңін тарихи өлшем тұрғысынан айқындап, терең тану керек. Осы мақсатта заң факультетінде мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасы, «Нұр Отан» партиясы және Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті қорымен бірлесе отырып, «Президенттік институт және оның демократиялық, құқықтық, әлеуметтік мемлекет құруға тигізетін әсері» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Жалғасы 4-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

БҮГІНГІ САНДА:


БҮГІНГІ САНДА:

ЖУРНАЛИСТЕР
МАРАПАТТАЛДЫ



2-бет

КОНСТРУИРОВАНИЕ
ГЕТЕРОГЕННЫХ
БИОКОМПЗИТОВ



3-стр.

ТУҒАН КҮНІҢМЕН,
ҚАЗҰУ-ЫМ!



8-бет

Жалғасы. Басы 1-бетте

ҚАРТЫ БАР ЕЛДІҢ ҚАЗЫНАСЫ БАР



Отырыста университет көлеміндегі біршама өзектарды мәселелер қарастылылып, талқыланды. Сонымен қатар өткен жылғы университеттің атқарған міндеттері, жұмыстары және жеткен жетістіктері туралы есеп беріліп, ақсақалдар алкасы барлық мәселеге ерекше

зейін қойып тындады, ой пікір, ұсыныстарымен бөлісті. Енді бірі жүрекжарды лебіздерін жеткізіп, болашақ мамандар дайындайтын бірден-бір білікті оқу орнының болашағының баянды екеніне ризашылықтарын жеткізді. Отырысқа кеңес төрағасы, қоғам қайраткері

С.С. Сартаев және кеңес мүшелері А.Н. Ағыбаев, З.А. Мансұров, Т.К. Кәкішев, Ө.К. Күмісбаев, Ғ.Ж. Жұматов, У.Х. Шәлекенов, М.Ф. Пузиков, Х.К. Оспанов, В.Х. Ни, С.С. Оспанов, С.Қ. Давлетғалиев қатысып, сөз сөйледі. Бағыт пен бағдар беріп, жаңа жылдық құттықтауларын қара

сөзбен кестелеп, жыр маржанымен жандандырып жеткізді.

Ортаға ой тастап, үн қосқан абыз ақсақал Тұрсынбек Кәкішов: «Өз ана тілін, тарихын, мәдениетін, әдебиетін білмейтін кадр ел адамы болуы мүмкін емес. Ұлттық зерттеу университетіне айналып отырған университетіміз үшін осыларды басшылыққа алуымыз керек», – деді. Ал соғыс ардагері, ғалым Уахит Шәлекенов қазақ хандығының құрылуы жайында айтып, тарихи, идеологиялық мазмұнын парақтап өтті. Әр саланың құрметті ардагер ақсақалдары бас қосқан кеңес жас ұрпақ пен аға буынның арасындағы сабақтастықтыққа сеп болып, іргелі ғалымдардан қолдау тапты. Ең бастысы ғалымдар ғылымды дамытуға бағытталған түйінді мәселелерге жол ашуға мүмкіндік беретін түрлі мәселелерге жол ашты. Кеңес соңында университет тарапынан ақсақалдарға сыйлықтар ұсынылды.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

РЕКТОРАТ

Жалғасы. Басы 1-бетте

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

келісімшарттар жасау, халықаралық талаптарға сай аккредиттелген зертханалар саны, ҚР аккредиттеу жүйесі бойынша аккредиттелген зертханалар саны, Nature&Science, Thomson Reuters, Scopus базаларына енетін импакт факторы нөл емес журналдарға мақала жариялау, ағылшын тілінде танымал шетелдік баспаларда ғылыми монография шығару, халықаралық ғылыми конференция материалдарын жариялау, авторлық куәлік және өзге де бағыттар бойынша көрсеткіштерге шолу жасап, әр тарау бойынша көрсеткіштерді жақсартудың жолдарын нұсқады. Сондай-ақ Алтынай Кәкібайқызы оқытушыларды рейтингі жоғары конференцияларды анықтауда мүкият болуға шақырды.

Жиында индикативті жоспарды орындаудың тәрбие және әлеуметтік жұмыс бағыттары бойынша әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Жаманбалаева баяндама жасады. Факультеттердің инновациялық жоба негізіндегі шаралары, отандық және шетелдік БАҚ-тағы имидждік мақалалар саны, гранттар тарту мақсатындағы әлеуметтік жобалар, шәкіртақы тағайындау, эндаумент-қорын дамыту, жүлделі орындарға ие болған студенттер санын арттыру жөніндегі көрсеткіштерді саралаған проректор көрсеткіштердің жақсарғанын атап өтті. Сонымен қатар ол имидждік жарияланымдарды шығару жолдары жайлы семинарлар жүргізудің оң нәтижесін беріп отырғанын жеткізді.

Сондай-ақ мәжіліс соңында Аналитикалық зерттеулер және стратегиялық даму орталығының директоры Ирина Александрованың әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2015-2020 жылдарға арналған стратегиялық жоспары жөніндегі баяндамасы тыңдалды.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

ЖУРНАЛИСТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

ҚазҰУ ректоры *Ф. Мұтановтың 2014 жылдың 30 желтоқсанында №511 бұйрығына сәйкес әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бірінші проректоры М. Бүркітбаев республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының бөлім басшылары мен журналистерді республикалық газет-журнал, телевидениеде университеттің жетістіктері мен дамуын насихаттауда қосқан ерен еңбектері үшін «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға 80 жыл» алтын төсбелгісімен марапаттады.*



Олар: Ұлттық баспасөз клубының вице-президенті Төлеміс Құлмұхамедов, Ұлттық баспасөз клубының атқарушы директоры Ерлан Рамазанов, «Алматы ақшамы» газетінің бөлім менгерушісі Ермек Зәңгіров, «Алматы ақшамы» газетінің тілшісі Рая Ескендір, РТРК «Қазақстан» Алматы бюросының жетекшісі Дәурен Дариябек және «Егемен Қазақстан» газетінің Алматы бюросының директоры Қорғанбек Аманжол.


Осы орайда Қорғанбек Аманжол арнайы дайындап келген «ҚазҰУ-ға» атты өлең жолдарын тарту етті. Сонымен қатар, дәл осындай марапат ҚазҰУ өкілдері арасынан ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының аға оқытушысы Шарипа Нұржанова, ҚазҰУ жанындағы Конфуций институтының директоры Рахымжан Асылбеков және ҚазҰУ жанындағы Конфуций институтының директорының орынбасары Ван Женьге табыс етілді. Жиын соңында естелікке суретке түсіп, сый-сияпаттар берілді.

Еңлік АҚЖІГІТ

15 января – день рождения КазНУ

КОНСТРУИРОВАНИЕ ГЕТЕРОГЕННЫХ БИОКОМПОЗИТОВ

Во многих странах для интенсификации микробиологических производств, сорбции тяжелых металлов из разбавленных растворов, очистки коммунальных и производственных сточных вод и т.д. широко используются иммобилизованные микробные клетки.



Исследования в области получения, изучения свойств и разработки биотехнологий с использованием иммобилизованных биокатализаторов и биосорбентов ведутся во многих научных лабораториях. Широкое внедрение результатов этих исследований в практику биокатализа обусловил формирование на принципах химического и ферментативного катализа, химической технологии и биохимии нового научно-технического направления – инженерной энзимологии.

Годы становления этого направления связаны с поиском носителей, удовлетворяющих таким требованиям, как нетоксичность, технологичность, механическая прочность, выбором ферментативных систем для проведения конкретных ферментативных процессов (отдельных ферментов, полиферментных комплексов – свободных или находящихся в клетке), разработкой методов прикрепительной иммобилизации и модификации свойств взаимодействующих поверхностей (биокатализатор – носитель) с целью увеличения их сорбционной активности, конструированием биореакторов для проведения ферментативных процессов.

Бурное развитие технологии получения иммобилизованных биокатализаторов приводило и к противоречивым результатам. Так, первые попытки иммобилизации были связаны с адсорбцией ферментов и клеток на древесных опилках и угле. Однако, простота и доступность прикрепительной иммобилизации сопровождалась в большинстве случаев значительной десорбцией адсорбата, т.е., оказывается, что и здесь действует правило “то, что легко дается, то и легко теряется”.

Развитие полимерной химии привело к тому, что в 70-е годы XX-го века получили распространение методы иммобилизации биокатализаторов включением их в матрицу синтетических и природных гелей, таких, как полиакриламидный, альгинатный, каррагинановый и другие. Однако, в последующих работах, связанных с включением микробных клеток в матрицу геля, у исследователей появились проблемы, главными из которых явились диффузионные

ограничения для субстратов и продуктов реакций, рост клеток внутри гелевых ячеек и их выход во внешнюю среду с разрывом гелевой оболочки, вследствие недостаточной механической прочности полимерной матрицы и т.д.

В последние десятилетия отмечается новый интерес к адсорбционным методам иммобилизации, обусловленный значительным расширением ассортимента носителей, некоторые из которых проявляли высокую сорбционную активность, раскрытием механизмов и условий связывания биокатализатора с носителем, разработкой способов и препаратов для модификации свойств взаимодействующих поверхностей с целью повышения прикрепительных свойств сорбентов и микробных клеток и появлением новых направлений и технологий применения иммобилизованных биокатализаторов.

Совместные исследования, проведенные на кафедре биотехнологии совместно с Институтом проблем горения КазНУ, позволили предложить для иммобилизации микробных клеток новые карбонизованные сорбенты природного происхождения с наноструктурированной поверхностью, полученные высокотемпературной карбонизацией рисовой шелухи (КРШ), виноградных косточек и скорлупы грецких орехов – отходов пищевых производств. На их основе конструируются гетерогенные комплексы: углеродный сорбент + клетки микроорганизмов.

Методом электронно-силовой микроскопии показано, что микробные клетки адсорбируются на поверхности носителя и, размножаясь, проникают в поры, т.е. образуют гетерогенный композитный материал. Показано, что такой материал обладает высокой целевой активностью, обусловленной тем, что он сочетает в себе сорбционные свойства пористого носителя и высокую каталитическую активность микробных клеток, т.е. сорбент получает совершенно новые функции, зависящие от свойств, прикрепленных к нему клеток микроорганизмов.

Природное происхождение полученных носителей и большое разнообразие мира микробов позволяет,

варьируя вид микроорганизма, получать на основе такого пористого и нетоксичного сорбента биокатализаторы для различных реакций. К примеру, в коллекции нашей кафедры имеются микробные штаммы с высокой металл-сорбирующей активностью. В модельных экспериментах установлено, что биоконкомпозит, сочетающий металл-сорбирующую поверхность самих носителей и прикрепленных к ним микробных клеток, способен извлекать до 95% ионов металла, содержащегося в растворе. Это означает, что функционализацией зауглероженных природных сорбентов с помощью микроорганизмов можно получать гетерогенные материалы – биосорбенты для извлечения различных металлов из разбавленных растворов и очистки сточных вод.

Большую проблему современной экологии представляет очистка нефтезагрязненных почв и водоемов. Нами для очистки таких экосистем предлагается использовать гетерогенный биоконкомпозит на основе карбонизованного сорбента и иммобилизованного на нем микробного консорциума на основе штаммов микроорганизмов, обладающих высокой нефтеокисляющей способностью. Активность такого биоконкомпозита была подтверждена в полевых экспериментах на нефтезагрязненных почвах.

Сфера использования гетерогенных биоконкомпозитов не ограничена, поскольку на основе огромного разнообразия мира микробов и носителей различного происхождения можно получать биоконкомпозиты с различными свойствами, в том числе и для использования в медицине. К примеру, для создания нового поколения эффективных пробиотических препаратов, нормализующих микрофлору кишечника, в настоящее время используют прикрепленные микробные клетки, поскольку только в этом случае возможна успешная доставка биопрепарата в целевой орган – толстый кишечник и полноценное развитие фармакологического эффекта. Важно и то, что при этом сорбент, помимо доставки бактерий в кишечник, выполняет и детоксикационную функцию: путем активного поглощения токсинов он снижает как местный, так и общий токсикоз, уменьшает метаболическую нагрузку на органы детоксикации (печень, почки, иммунную систему), что приводит к синергическому

усилению терапевтического эффекта пробиотического препарата.

В последние десятилетия наблюдается рост частоты и тяжести гнойных инфекций, вследствие чего, пациенты с гнойно-воспалительными заболеваниями стали составлять треть хирургических больных. Для успешного лечения гнойных ран целесообразна процедура вальверсорбции, т.е. выведения токсичных компонентов через раневую поверхность или очаг воспаления и ускорения транспорта токсичных веществ из крови путем их связывания сорбентом. Благодаря развитию такого подхода, в медицине сформировалось новое направление – эфферентная терапия, основным способом лечения при которой является сорбционно-аппликационный.

Нами в лаборатории клеточной биологии и микробиологии Аахенского университета прикладных наук (Германия) проводились исследования по разработке способов элиминации эндотоксина из биологических жидкостей с помощью КРШ. Концентрацию липополисахарида (ЛПС) в среде определяли фотометрически при помощи детекционного набора Швейцария) и фотометрического сканера (Bio-Rad Co., США). Установлено, что КРШ является перспективным сорбентом для селективной сорбции ЛПС из биосуспензий и может служить основой для создания методов элиминации эндотоксина ЛПС из биологических жидкостей. В заключение необходимо подчеркнуть, что глубокое изучение особенностей процесса взаимодействия биокатализатора с носителем, последствий этого взаимодействия для дальнейшего функционирования гетерогенного биоконкомпозита, использование широкого спектра возможностей микроорганизмов и перечня носителей, несомненно, позволит расширить ареал использования иммобилизованных биокаталитических систем – новых гетерогенных композитных биоматериалов на основе карбонизованных сорбентов с наноструктурированной поверхностью и биокатализаторов (ферментов и целых микробных клеток), обладающих целевой ферментативной активностью.

**А.А.ЖУБАНОВА,
З.А.МАНСУРОВ,
Н.Ш.АКИМБЕКОВ**



Жалғасы. Басы 1-бетте

ПРЕЗИДЕНТТІК ИНСТИТУТТЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 25 ЖЫЛ

Басқосуға отандық және шетелдік, атап айтқанда Ресей, Болгария, Қырғызстан сарапшылары, Қазақстанның және шетелдердің жетекші заңгер-ғалымдары, мемлекеттік ұйым өкілдері, қоғам қайраткерлері, саяси партиялардың өкілдері қатысты. Конференцияда Қазақстандағы президенттік институттың қалыптасу және даму проблемалары, ҚР Тұңғыш президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстанның саяси, экономикалық, мәдени және рухани жетістіктеріндегі рөлі, жалпы, Қазақстандағы Президенттік институттың кешегі мен бүгінгісі ой таразысына салынып, жан-жақты талқыланды.

Конференцияны «Қазақ ССР Президент қызметін тағайындау және Қазақ ССР Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ ССР-і заңы авторларының бірі, белгілі академик С.С. Сартаев ашты. Өз сөзінде ол президенттік институттың ел бірлігін қамтамасыз етудегі маңызына жоғары баға бере отырып, «президенттік басқару Қазақстанның болашақта қарқынды да тұрақты дамуы үшін бірден-бір тиімді институт» екендігін ерекше атап көрсетті.

Қырғыз Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясының профессоры, з.ғ.д. Ә.Н. Рахимбаев ҚР Президентінің

бүкіл ортаазиялық аймақта және бұрынғы кеңестік кеңістікте өмірдің барлық саласында реформаларды алға жылжытудағы қызметіне аса жоғары баға берді. Ол Қырғыз елінде де парламенттік басқарудан президенттік басқаруға көшудің қажеттілігін мойындап, осы мақсаттағы іс-шаралардың жүзеге асырылып жатқандығын жеткізді.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысының нәтижесінде төмендегідей ұсынымдар қабылдады:

1. 1990 жылы 24 сәуірде Қазақстанда президенттік институты енгізілген болатын. Президенттік институты құрылды және ол тиімді қызмет етуде. Қазіргі таңда қазақстандық қоғам серпінді дамып келеді. Ұлтаралық келісім, адам құқығын қорғау, мемлекеттің Қазақстан халқына қызмет етуі басты идея болып табылады. Бұл идеялар президенттік институтпен тікелей байланысты. ҚР Президенті ҚР тәуелсіз мемлекетінің жасампазы болып табылады. Өз қызметінде Президент азаматтық қоғамға сүйенеді. Сәйкесінше, азаматтық қоғамның институттары мемлекет басшының бастамалары мен саясатын барынша қолдайды.

2. Президенттік институт адамды, оның өмірін, ар-ожданын, қадір-қасиетін, бостандығын, жеке басына қол сұғылмаушылығын, табиғи және ажырағысыз құқықтарын ең жоғарғы

құндылыққа айналдыруға бағытталған. Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекетті қалыптастыру жағдайында адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілі болудың заңды міндеттілігі Президентке жүктеледі.

3. Нұрсұлтан Назарбаев – Президент – Мемлекет басшысы – Ұлт Көшбасшысы. Бұл – Президентті бүкіл Қазақстан халқының қолдайтындығын білдіреді. Оның бүкіл елдің және әрбір қазақстандықтың өмірінің түрлі салаларына тигізер ықпалы орасан. Тұңғыш Президент – Ұлт Көшбасшысы – бәрі құрметтеп, қорғауға міндетті конституциялық құндылық.

4. ҚР Тұңғыш Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстанның дамыған экономикасы бар, құқықтық, демократиялық, әлеуметтік мемлекет ретінде, сондай-ақ, ұлттық идеяның қалыптасуындағы және қазақстандық патриотизмнің нығаюындағы ерекше рөлін атап көрсету қажет.

5. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамның қарқынды қалыптасу процесі байқалады. Бұл процесте «Нұр Отан» демократиялық партиясы ерекше маңызға ие болып отыр.

А.С. ИБРАЕВА,
з.ғ.д., профессор
Н.К. МЫНБАТІРОВА,
з.ғ.д., доцент

ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің дайындық кафедрасында оқитын АИР тыңдаушылары желтоқсан айының соңында қазақ тілі пәнінен емтихан тапсырды. Кафедра меңгерушісі п.ғ.д., профессор Н. Асанов өзі әрбір дәрісханаға кіріп, ауған жастарының емтихандарына қатысты. Атап айтатын болсақ, 3-топ тыңдаушысы Хашими Саид Абдулхадидің, Имами Аминулланың, 1-топ тыңдаушысы Абдул Джаалил Зияволхактың, Джафари Мохаммад Казимнің, 4-топ тыңдаушысы Нури Атикулланың, Мусадиг Абдул Баситтің қазақша ауызекі тілде еркін жауап бергеніне риза болды.

АУҒАН ЖАСТАРЫ қазақ тілін меңгеруде

Емтихан университет жүйесі бойынша сабақ жүргізген пән оқытушысы емес, басқа топ оқытушыларының қабылдауымен өтті. Нәтижелері көңіл қуантты. Айта кетерлігі, ауған тыңдаушылары қазақ тілін үйреніп жатқандарына аз уақыт болғанына қарамастан, кафедраның ұйымдастыруымен өткізіліп жүрген мерекелік іс-шараларға белсенді қатысып жүр. Ауған тыңдаушыларының қазақ тіліне деген зор ынтасына пән оқытушылары да дән риза.

М. ӘМІРОВА,
ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы

ЖАСТАР БІЛІМІ – ҰЛТ АЗЫҒЫ

Жастары жалынды елдің болашағы жарқын болары хақ. Осы орайда жастарды білімге баулу мен сапалы білім беру университетімізде табанды жүргізіліп келеді. Студенттердің білімін тереңдету мақсатында жуырда аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер кафедрасы мен биология және биотехнология факультетінің ұйымдастыруымен «Талдаудың физика-химиялық әдістері» атты ғылыми практикалық студенттік конференция өтті.

Конференцияның ашылу салтанатында биология және биотехнология факультетінің оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстары жөніндегі декан орынбасары Қарлығаш Ақпарқызы сөз сөйледі. Білімге баса назар аударып, бұл ғылыми конференцияның маңызы аса зор екенін атап көрсетті. Сонымен қатар барлық қатысушы топтарға сәттілік тіледі.

Жалпы шарада шынайылық, кәсіби шеберлік көрсету мақсатында 5 топ тартысқа түсті. Әрбір топ белгіленген тақырыптарды қорғап шықты. Конференция студенттердің білімі мен білігін көрсетуге үлкен мүмкіндік туғызып, жастарды бір серпілтіп тастады. Бәсекеге қабілетті болып, нәтижелі еңбегімен көзге түскен жастар, яғни жеңімпаз топтар марапаттауға ие болды.

Қанағат ЕРҒАЛИ,
биология және биотехнология факультетінің студенті

ДІНМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЗЫҚТЫ КӨРМЕ

Жақында философия және саясаттану факультеті дінтану мамандығы студенттерінің ұйымдастыруымен ҚазҰУ-дың Қабылдау комиссиясы орналасқан ғимаратта «Күнделікті өмірдегі діннің көрінісі» атты көрме өтті. Бұл жобаны ұйымдастырылуына және өткізілуіне дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісінің орынбасары Б. Мейрбаев пен дінтану мамандығының 4-курс студенті Ә. Есекеева атсалысты.



Көрмелердің мақсаты – күнделікті өмірдегі және жастар арасындағы діни атрибутика формаларынан хабардар ету арқылы діни сауаттылықты арттыру және толеранттылық негіздерін қалыптастыру. Көрмелердегі әрбір экспозиция жарияланған мәселе бойынша автордың өзіндік көзқарасын көрсетті. Көрмелердің жұмысында әртүрлі тақырыптағы 40-қа жуық экспозиция ұйымдастырылды. Әрбір студент өзіне жүктелген міндетке аса үлкен жауапкершілікпен қарап, жоғары

дайындықпен келгендерін көрсетті. Діни өмірдегі заттар, діни сипаттағы кітаптар, тағамдар, киімдер, суреттер, кино үзінділері, интерактивті жобалар, діндегі инновациялық дүниелер барлығы да осы көрмелерден табылды. Тіпті дінтанушылардың әртүрлі мәдениеттердің әуендерінен құралған көңілді флешмобы та көрмені қыздыра түсті.

Осы тақырыптағы пилоттық алғашқы жоба Бүкіләлемдік Толеранттылық күніне орайластырылып, 17 қараша күні халықаралық қатынастар факультетінде өткізілген еді.

Ол экспозицияларды да оқытушылар мен студенттер қызығушылықпен тамашалап, өздерінің сұрақтарын қойған-ды. Бұдан кейін студенттердің сұрауы бойынша көрме осымен екінші мәрте өткізіліп отыр. Бір айта кетері көрмелерде бір сарынды, бір-бірін қайталайтын тақырыптар болған жоқ. Мәселен, «Шығыс әлемі», «Ислам құндылықтары», «Ислам және спорт», «Толеранттылық пазлы жина!», «Дін және жоғары саяси элита», «Жастар субмәдениетіндегі діни символика», «Діни өнер» т.б. өзекті тақырыптар болды. Әр экспозицияның өзіндік ерекшелігі бар. Барлығы да көпшілікке қызықты, жана заманмен үндескен. Көрмені келіп тамашалаған оқытушылар мен студенттер саны шексіз көп болды. Әрине күнделікті күйбең тіршілікте әртүрлі рухани бағалы дүниелерді мұражайлардан барып тамашалауға уақыт бола бермейді. Дінтанушы студенттер адамның рухани өміріндегі асыл құндылықтардың бірі – діннен хабар беретін және толеранттылыққа тәрбиелейтін көрмелері арқылы тәрбиелік мәні зор іс атқарды. «Күнделікті өмірдегі діннің көрінісі» деп аталған көрме көпшіліктің сұранысын қанағаттандырды деп сеніммен айта аламыз.

Елнұр ӘСКЕНҰЛЫ,
философия және саясаттану факультетінің 4-курс студенті,
«Нұр» дінтанушылар клубының мүшесі

Кафедра религиоведения и культурологии совместно с Центром религиоведческих исследований и экспертиз, Институтом повышения квалификации КазНУ провели инновационный курс «Основы религиоведения» для преподавателей средних школ г. Алматы

ҰЛТТЫҚ ТАҒАМ: НӘРІ МЕН НАСИХАТЫ



Жуырда тарих, археология және этнология факультетінде 2-курс магистранттарының ұйытқы болуымен «Ұлттық тағам: нәрі мен насихаты» атты дөңгелек үстел өтті. Игі шараға баспагер, журналист, жазушы Кәдірбек Сегізбайұлы, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті нутрициология кафедрасының меңгерушісі Майгүл Сейдұллақызы арнайы қонақ ретінде шақырылып, факультет оқытушылары мен ұстаздары қатысты.

Бәріміз жұмысбастылыққа бой алдырған жаһандану заманында дұрыс тамақтанбау қоғамда кеңінен белең алып отырғаны баршамызға белгілі. Құрамында көмірсулары мен

майлары, түрлі коспалары мол фаст-фууд тағамдары Алматы көшелерін жайлағалы қашан. Дәл осы тұста шараның мақсаты қазақ халқының ұлттық тағамдарының адам ағзасына

пайдасы мен оның нәрлілігін студент жастар арасында насихаттау болды. Ұмыт болып бара жатқан, бүгінде көне атауы өзгертіліп, өзге ұлттар иелігіне телініп жүрген ұлттық тағамдарды тізбектеп, оның тарихы мен бүгіннен Кәдірбек аға Сегізбайұлы сыр шертті.

Дөңгелек үстел жұмысын одан әрі сабақтаған медицина ғылымының кандидаты, Ұлттық салауатты тағамтану орталығының аға ғылыми қызметкері Майгүл Қайнарбаева тақырып түйінін одан әрі тарқата түсті. Ол дұрыс тамақтанбау, фаст-фууд тағамдарын жиі пайдалану, кока-кола сынды газды сусындардың жиі қолданылуының адам ағзасында семіздік, асқазан-ішек жолдары ауруының белең алуына әкелетіндігін баса айтты. Сонымен қатар, қазақ халқының ұлттық тағамдарын аталған ас түрлерінің орнына кеңінен қолданудың аса пайдалы екендігіне ғылыми тұжырымдама жасады. Қазақтың ұлттық сусыны – қымыздың пайдасын кеңінен түсіндіріп, тіпті қазақ жеріне орыс отарлаушыларының аяғы тигенге дейін қазақ халқында құрт ауруының болмағандығын, болған күнде тым аздығын тілге тиек етті. Оның себебін қазақтың қымызды

кеңінен пайдаланғандығымен, бие сүтінде «С» дәруменінің мол болатындығымен байланыстырды. Ал қымыз ішкен адамның қан айналымы жиілеп, холестериннің қызметі қалпында сақталатындығын еске салды.

Басқосу барысында бүгінгі ұрпақ тәрбиесі – бүтіндей бір ұлттың тәрбиесі екендігі айтылды. Дені сау ұрпақ ұлттық тағамды күнделікті тамақтану тәртібіне енгізгенгені абзал. Газды судың орнына бір кесе қымыз ішуді әдетке айналдырып, ұлттық тағамымызды күнделікті қолданысқа енгізгенде ғана толыққанды сау ұрпақ қатарының көбейетіндігі баса айтылды. Тағылымды шара аясында тақырыпқа орай дайындалған слайд пен шағын кітап көрмесі көпшілік назарына ұсынылды. Магистранттардың өзі дайындаған ұлттық тағамдардан дәм татқан қонақтар мен қатысушылар өткізілген шараға жақсы бағасы мен батасын беріп тарқасты.

Маржан ДАУЫТБЕКОВА,
тарих, археология және этнология факультетінің аға оқытушысы

ДЖАВАХАРЛАЛ НЕРУ - строитель новой Индии

На факультете востоковедения прошел круглый стол, посвященный 125-летию со дня рождения первого Премьер-министра Индии Джавахарлала Неру.



которой каждый человек при рождении получал определенный статус и род занятий.

В 1916 г. состоялось его знакомство с Мохандасом Ганди (Махатма Ганди – "отец нации", лидер освободительного движения), и эта встреча сыграла немаловажную роль в его биографии. Впоследствии Неру превратился в его ближайшего соратника. В 1930-х гг. был среди тех, кто занимал резко негативную позицию по отношению к милитаризму и фашизму. За период до 1947 г. ему пришлось в общей сложности более десятка лет провести в тюремных стенах.

В 1947 году территория Британской Индии получила независимость и была разделена на два самостоятельных государства – Индийский союз и Пакистанский доминион. И сразу начались кровавые столкновения между противоборствующими религиозными группировками – индусами, сикхами и мусульманами. Ситуация в Индии была очень непростой. Джавахарлал Неру понимал, что ему как Премьер-министру прежде всего надо успокоить народ и заставить его трудиться. Задача осложнялась тем, что Индия была многонациональным и многоконфессиональным государством с множеством противоречий. Любое неверное высказывание могло привести к

массовым выступлениям, кровопролитию. Неру старался примирить враждующие народы Индии, а также верующих: индуистов с мусульманами и сикхами. Он избегал радикальных решений и сумел сохранить баланс политических сил в стране и улучшить благосостояние людей.

В своих выступлениях Джавахарлал Неру старался всех успокоить и подчеркивал, что процветания можно добиться напряженной работой, увеличением производительности труда. Но это длительный и трудный процесс. Ему хотелось, чтобы на родной земле прижились достижения западного прогресса, старался повернуть население к новому демократическому порядку, но не хотел разрушать национальные традиции народа.

15 августа 1947 года Неру впервые поднял флаг независимой Индии над Красным фортом в Дели. В ночь с 14 на 15 августа он сказал: "Когда часы пробьют полночь и весь мир погрузится в сон, Индия проснется к жизни и свободе, в этот торжественный момент мы клянемся посвятить себя служению Индии, ее народу и, что еще важнее, великому делу служения всему человечеству. Мы полностью выстрадали нашу свободу, сердца наши до сих пор хранят боль этих страданий. Тем не менее с прошлым покончено, и сейчас все наши помыслы направлены только в будущее. Но будущее это будет нелегким. Служение Индии означает служение миллионам страждущих и несчастных. Оно означает стремление положить конец вековой нищете, болезням и неравным

возможностям. Мы должны построить новый величественный дом свободной Индии – дом, в котором смогут жить все ее дети".

Джавахарлала Неру неслучайно называли строителем новой Индии, ведь именно ему принадлежала заслуга в разработке главных принципов становления и развития государства, его внутренней и внешней политики. Они получили известность как «курс Неру».

В 1950 году Неру провозгласил Индию светской и демократической республикой. В ее Конституции были записаны гарантии основных демократических свобод. Это была его несомненная победа.

За 67 лет независимости Индия достигла существенных успехов. Ценнейший «капитал» Индии – это возрастной состав ее населения: Индия – одна из самых «молодых» стран мира. Это большое преимущество, т.к. молодежь более восприимчива к инновациям, обладает возможностью и способностью работать в самых современных отраслях экономики. Индийские специалисты востребованы во многих странах мира. Сегодня индийцами по происхождению являются 12% американских ученых, 38% докторов, 36% ученых НАСА, 34% сотрудников Microsoft, 28% – компании IBM.

З.Е. ИСКАКОВА,
зам. декана по учебной и воспитательной работе факультета востоковедения, индолог

КазҰУ, Орталық мұражай және Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының ұйымдастыруымен этнограф-ғалым Х. Арғынбаевтың 90 жылдығына арналған конференция өтті



СӘКЕН ЖҮНІСОВТІҢ «АҚАН СЕРІ» ДИОЛОГИЯСЫ ХАҚЫНДА

Ақан сері – алты алашқа ән оздырып, Арқа төріндегі дәстүрлі мектептің өрісін кеңейткен айтулы тұлға. Оның мұрасы талай ұрпақтың жан азығына айналған рухани қазына. Сал-серілер салтанат құрған дәуреннің төл перзенті қазақ халқының ақындық, әншілік қуатын танытқан өшпес мұра қалдырды. Оның әндері – өзі өмір сүрген уақыттағы замана тынысы. Ақын шығармаларынан қазақ халқының әлеуметтік жағдайы ғана емес, бүтін бір ұлттың болмыс-бітімі, мінезі, эстетикалық танымы көрініс табады. Түйіндей айтсақ, Ақан әндері – XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының диагнозы.



Ақан сері – бір бойына бірнеше өнерді тоғыстырған жан. Ол – ақын, ол – әнші, ол – композитор. Ақан Жаратушы бойына дарытқан осы қасиеттерді тең ұстады, тең дамытты. Оның бойындағы

өнердің бір қыры екіншісінен бір мысқал кем емес еді. Серінің әндеріндегі сөз өрнегі, көркемдік, тың тенеулер ауыз әдебиетінің асыл қазынасын бойына сіңіріп, маржанын терген шығармашылық тұлғаның ақындық қуатын көрсетеді. Ал композиторлығы ше... Әрине, ән иірімдерін теориялық тұрғыдан зерттеуде өнертанушы ғалымдарымыздың ғылыми тұжырымдарына, еңбектеріне сүйенеміз. Бірақ Ақан әндерінің көкірегі ояу қазақты жігерлендіріп, бойыңа қан жүгіртетінін сезіну үшін консерваторияны бітіру міндет емес екені ақиқат. Қазіргі таңда белең алып келе жатқан, бірнеше өнерді өз бойында «тоғыстыруға» ұмтылатын әншілер ел алдына шыққанда қазақ ән өнерін биік белеске көтерген осындай асылдарды еске алса...

Бүгінгі таңда «серілік» деген ұғымның мән-мағынасын, қадірін қашырып алғандаймыз. «Серілік» – алдымен жан тазалығы, эстетикалық талғамның биіктігі, әдемілікті бағалау.

Оның классикалық үлгісі ел-жұртты түрлі өнермен таңқалдырған, тамсандырған сал-серілік Ақан бойынан табылды. Ақынның шығармаларында дін мен діл, өмір мен өлімнің мәні, кісілік пен кісіпірліктің парқы – бәрі қамтылған.

Ақан серінің шығармаларын тек тақырыптық-идеялық тұрғыдан ғана баяндатқызып, өлеңдерінің ішіндегі көркемдік құралдарды табу шығармашылық тұлғаны тану үшін жеткіліксіз. Түрлі өнердің (ән, театр, кино т.б.) қанаттаса дамуы тыңдаушыны қалыптастыратыны сөзсіз. Әнші-ақындардың ұмтылмас образы көркем шығармаларда да, кино, драматургия жанрында да көрініс табуы керек. Олардың мұрасы – біздің классикалық өнеріміз.

Осы ретте көрнекті қаламгер С. Жүнісовтің қаламынан туған «Ақан сері» атты туындысын да қазақ әдебиетінің алтын қазынасына, жас ұрпақтың жан азығына айналған шығарма деп айта аламыз. Жалпы, қазақ әдебиетінде өнер тақырыбына, алашқа ән оздырған шығармашылық тұлғалардың өмірін кесек образбен бейнелеген көркем шығармалар көп емес. Себебі, өнер тақырыбына дендей бару үшін шығармашылық тұлғаға қатысты деректерді ғана беру жеткіліксіз. Бұл тақырып жазушыдан үлкен ізденісті, қазақ даласының арғы-бергі тарихындағы

дәстүрлі ән-жыр мектептерінің ерекшеліктерін, олардың орындау мәнерін терең білуді қажет етеді. Сәкен Жүнісовтің «Ақан серісінде» осы дүниелердің барлығы қамтылған. Ән тарихы – ел тарихы. Романда баяндалатын ақын әндерінің туу тарихы да бүгінгі ізденушілерге, орындаушыларға өте қажет дерек. Ақан әндерінің мәтіндерін текстологиялық тұрғыда зерттеушілерге де баға жетпес туындылардың бірі.

Автор Ақан өмірі арқылы қазақ қоғамында болып жатқан өзгерістерді, сал-серілердің қоғамдағы орнын, дәстүрлі өнердің ұлт руханиятындағы миссиясын тың деректермен, айшықты ойлармен баяндайды. Шығарма алаштың аяулы тұлғасының өміріндегі түрлі жағдайларды шұрайлы тілмен жеткізе отырып, өз оқырманын ғасырлардан ғасырларға мирас болған өнерге құрметпен қарауға, дәстүрге сызат түсірмеуге үндейді. Туындының басты құндылығы да осында. Жоғарыда айтылғандай, ұлттың рухани иммунитетін көтеретін ән қазынасы, шығармашылық тұлғаның өмірін көркем шығармамен жеткізген С. Жүнісовтің «Ақан серісі» – әлі де талай ұрпақтың жан сарайын ашатын салиқалы туынды.

С. ДӘРІБАЕВ,
филология, әдебиеттану және
әлем тілдері факультеті

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ АЛТЫН ҚАЗЫНАСЫ

Сәкен Жүнісов – қазақ әдебиетінің дәстүрлі ұлттық ұстанымын сақтап, келешек ұрпаққа саф таза күйінде жеткізген, жаны мен ары тау бұлағындай мөлдір, шығармашылық қарымы зор бірден-бір тұлға. Кез келген Тұлға – Адам, кез келген адам – Тұлға емес. Расында да Әуезовтің әуезі, Бейімбеттің бедері айқын көрінетін көрнекті қаламгер «сөз өнерінің серісі» бола білді.

Өнерде жарқын із қалдырған ақын, әнші-композитор Ақан сері Қорамсаұлының әдебиеттегі көркем образын сомдаған «Ақан сері» романы шығармашылық адамның қоғамдағы жеке трагедиясына ғана бойлап қоймай, XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік қарым-қатынастарды терең қопара көрсетіп береді.

Аталмыш дилогияда дүнианың бар дидарын ұлы тұлға лабораториясына үлгі етіп, соған еліктеу сарынын сездірген. Әдебиеттегі компаративтілік әдісін Сәкен өз романындағы басты кейіпкер – Ақан образында аса шеберлікпен пайдаланған.

М. Әуезов Абай образын сомдауда өмірдегі идеал тұлға кейпінде қалай көрсете алса, С. Жүнісов те Ақан бейнесін өзі өмір сүрген ортасындағы реалистік деңгейде, яғни өнер адамының трансрагедиялық көрінісін шындықпен баяндау арқылы компаративке бара білген. «Жүнісов те өз кейіпкерлерін әр оқиға сайын өсіріп, әр қырынан көрсете білуге

ұмтылып, оның патша мұрагері атынан Николай Алексеевич алдында бүкіл қазақ халқы атынан халық мұңын, ел тілегін айтуы – жазушының ғана тамаша шеберлігі емес, роман қаһарманы Ақан тартысының ең шырқау биігі, ең шырқау шыңы», – дейді әдебиетші, ғалым, академик Рымғали Нұрғали.

Жазушы Ақан бейнесін суреттеуде өмірдегі Ақан серінің басынан кешкен, өзінің тағдырының ең көшелі, бетбұрысы айқын, жанға батар ауыр сәттеріндегі оқиғалар арқылы үлкен әдеби-эстетикалық толғаныстар негізінде туындысының көркемдік идеясын асқақтата білді. Осы жолда, талантты прозаик ретінде Сәкен ұстазы М. Әуезовке сүйенді деген пайымдаулар бар.

Ақанның бейнесі тұтас заман дидарынан зор ақпар беріп қана қоймай, өзіндік серілік сән-салтанаты арқылы қазақ мәдениетінің озық үлгісін танытады. Құлагердің мерт болуына дейінгі аралықта басты қаһарман оқиға барысында жеке қасиеттері аршылып көрсетіледі. Тағдырдың ауыр азабына тап болған өнер қыраны өз биігінен аласарып, жан күйзелісі дала, анығы өмір дәруішіне айналдырады.

Жайнагүл СДИЫҚОВА,
филология, әдебиеттану және
әлем тілдері факультетінің
3-курс студенті

Су шықпас қазғанменен тау басынан, қазақтың дау кетпейді сау басынан...

АҚАН СЕРІ

...Ақан басын көтермей үнсіз отырып тыңдады. Би сөзінен қаймығып қысылған жоқ. Өзіне қарсы ойсыратар сөз айтыларын билсе де жайбарақат отыр. – «Құлагер әні», «Құлагер зары» дедің, Мәмбетәлі. Егер бір адамның басындағы зарды, бір бейбақтың бойындағы мұңды, көптің мұң-зары деп, Ақанға түскен қайғы, қасіретті көгендеп тізіп, санай берсек, болашақ ұрпаққа жеткізеріміз сол ғана болмақ па. Өз қарақан қара басына қайғы егіп, уайым жасап жүрген диуана жанның есірік есер тіршілігі халқымның, заманымның атынан садақа кетсе болмай ма. Біз ұрпағымызға жаманымызды апарып, жақсымызды көміп кетер ел болсақ, несіне ұрпақ жайып, несіне түтін түтетіп, қауым, жұрт боп отырмыз. Мөлдір бұлақ пен ағын суда жел түсірген шөп-шалам өз-өзінен шығып қалады, не шіріп қалады, су аға береді, оған қарап бұлақ көзі бітіп, ағын су тартылмайды. Ақан қайғысы – елден, жұрттан жырақ жалғыздық қайғысы. Атам қазақ айтқан – жалғыздың аты, жаяудың шаңы шықпайды. Өзі туған жұртына халық ұстаған дініне найза ала ұмтылған жігіт қашанда ер емес, жер болмақ. Атадан безген, батадан безген жігіт көптің қарғысына ұрынбақ. Алыстан, сапардан келіп ем дейді Ақан. Қай жұртыңның, қай елінің лұқсатымен кетіп ең сол сапарға. Қайтып келер құдығыңа түкіріп кетпеп пе ең? Ел ақсақалы, ел ырысы деп дүйім жұрт сыйлаған менің қотанымнан өтіп бара жатып, қайырыла кетуге арланым ең. Жауға шапса да, дауға шапса менің босағама келіп, ақ батамды алмай аттанар мұсылман баласы жоқ. Менің батам ел батасы, ата аруағының батасы, қыдыр дарыған елдің тілегі. Оны аттаған жігітті ата қарғысы, бата қарғысы ұрар еді, аманда. Сол қарғыстың ұшы еді ғой, саған жай боп түскен...

С. Жүнісов, Ақан Сері, 195 б., бірінші бөлім

Бешті жүргізген әл-Фараби кітапханасының бас кітапханашы-менеджері Шынар МҰҚАШЕВА

24 февраль на факультете философии и политологии состоится конференция «Толеген Тажибаев и современная педагогическая наука», посвященная 75-летию кафедры общей и этнической педагогики

Туған күніңмен, ҚазҰУ-ым!



Қорғанбек АМАНЖОЛ – белгілі журналист, жазушы, ақын. ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің 1976 жылғы түлегі. Республикалық «Егемен Қазақстан» газеті Алматы бөлімшесінің жетекшісі

ҚазҰУ-ға арнау

Жайнатқан жас күнімнің жасыл бағын,
Ойнатқан жан-жүректің жасындарын,
Ассалаумағалейкүм, ата шаңырақ,
Әлі де мен өзіңнің қасыңдамын.

Көзіме көрінесің сен көктемдей,
Жанымды «Жеті музаң» тербеткендей.
Сезімім сен дегенде басылмайды,
Алматы ақ жаңбырын селдеткендей.

Болғансың бозбаланың басты арманы,
Бастайтын биіктерге баспалдағы.
Үміттің үкілерін желкідетіп,
Арыда қызықтырған асқарлары.

Көзіме елестейсің тағдырымдай,
Басыма қона қалған бақ нұрындай.
Жаңыртқан Жолдасбеков қалашығың
Жастардың мәңгі шырқар өн-жырындай.

Өмірдей тәлімімен Өмірбектің,
Темірдей тәртібімен Темірбектің,
Жағылған шырағандай көкейімде,
Отыңды әлі күнге сөндірмеппін.

Етегін Алатаудың өрлей басқан,
Ректорат күмбезінен көлбейді аспан.
Шалқытып шағаладай, ҚазҰУ десе,
Жанымды тербеп салар нендей дастан?!

Самғаған сан қияда түлектерің,
Аямас өз ұядан тілектерің.
Лүпілдей соғып тұрған сен дегенде
Жетер-ау алып-ұшып жүректерің.

Сан ақын жүрегінде ҚазҰУ дастан,
Сенбеймін қаларына жазылмастан.
Білімнің бағаналы бас ордасы,
Елдікке ең зор үлес – өзің қосқан!..



Суреттерді түсірген **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Еңлік АҚЖІГІТ, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Гамма-принт" баспаханасында
(Райымбек даңғылы, 369) басылды.
Тел.: 8 (727) 247-98-30, 247-98-31

**Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс №62**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.